

Құрметті депутаттар!

Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске депутаттар бастамашылық еткен түзетулер Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарына бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін уақтылы ұсыну бөлігіндегі мәселені шешу үшін қажет.

2011 жылғы 8 шілдеде Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу туралы келісімнің ратификацияланғаны белгілі.

Келісімде бір көзден алу тәсілімен, не Келісім елдерінің Мемлекеттік сатып алу туралы Заңдарының нормаларын қолданбай сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі қамтылған.

Осы Тізбеде Тарап мемлекетінің заңымен анықталған нақты тұлғадан тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен не Келісім тараптарының Мемлекеттік сатып алу туралы заң нормаларының талаптарын қолданбайтын норма көзделген.

Осыған байланысты, дәрі-дәрмек құралдарын, медициналық мақсаттағы бұйымды және медициналық техниканы сатып алу бөлігінде АМККК көмек көрсету үшін мәселе жабық, өйткені Кодексте дәрі-дәрмек құралдарын, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу мен қамтамасыз ету бойынша жалғыз дистрибьютор анықталған («СК Фармация» ЖШС).

Бірақ заңнамаларды одан әрі және дұрыс қолдану үшін АМККК шеңберінде қызметтер көрсету мәселелері бойынша құрметті депутаттардың бастамашылық еткен түзетулерін енгізу қажет.

Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарына бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін сатып алуға жатқызу мүмкін емес, өйткені халыққа

осы қызметті көрсетуге мемлекет кепілдік берген деп санайды (Кодекстің 34-бабының 1-тармағы).

Ресейде тегін медициналық көмек көрсету сатып алуларға жатпайды және міндетті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы ұсынылатын мемлекеттік кепілдік болып табылады, мұнда жеке тұлғаларға төлемдер мен басқа да сыйақыларды төлейтін адамдар мен ұйымдар сақтандырушылар болып табылады. Сондықтан да, Ресей және Беларусь тараптары Келісім жобасын дайындау кезінде АМККК қаржыландыру Келісімнің ықпалына түсіп қалуы мүмкін деп алаңдаушылық білдірмеді.

Келісімде сатып алу – тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы және Тарап мемлекетінің мемлекеттік және муниципалдық сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда бюджет қаражаты, сондай-ақ өзге қаражаттың есебінен өзге сатып алу, сондай-ақ сатып алу туралы шарттарды (келісімшарттарды) орындауға байланысты қарым-қатынастар деп айқындалған.

Яғни, мемлекеттік сатып алу бойынша қызмет көрсетуді сатып алушылар тапсырыс беруші болып табылады. АМККК төлеген жағдайда қызмет көрсетуді сатып алушылар тапсырыс беруші-мемлекеттік мекемелер емес, тұрғындар болып табылады.

Осылайша, сатып алуды жүргізбей мемлекет кепілдік берген қызметтерді ұсынуды жүзеге асыру үшін Кодекске депутаттардың бастамашылық еткен түзетулері қажет деп санаймыз.